

"Басым дақылдар тізбесі және субсидия нормаларын, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17 қарашадағы №254 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 маусымдағы № 136 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 маусымда № 28656 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 192 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 10.10.2023 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Басым дақылдар тізбесі және субсидия нормаларын, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17 қарашадағы №254 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №25340 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 қосымшасы осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 2 қосымшасы осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жамбыл облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Н. Нуржигитов

Жамбыл облысы әкімдігінің
2022 жылғы 28 маусымдағы
№ 136 қаулысына 1-қосымша

Басым дақылдар тізбесі мен субсидиялар нормалары

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы	1 тоннаға арналған субсидия нормасы, теңге
1	Қант қызылшасы	15 000,0
2	Дәндік жүгері	10 000,0
3	Майлы дақылдар: Мақсары Күнбағыс Қытай бұршағы	10 000,0

Жамбыл облысы әкімдігінің
2022 жылғы 28 маусымдағы
№ 136 қаулысына 2-қосымша
Жамбыл облысы әкімдігінің
2021 жылғы 17 қарашадағы
№254 қаулысына 2-қосымша

Өсімдік шаруашылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджеттік қаражат көлемі

№	Облыс атауы	Бюджеттік қаражат көлемі, теңге
1	Жамбыл облысы	2 079 801 000,0
	Барлығы	2 079 801 000,0